

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Қамиева Толқын Жұмағазықызы

Орал қаласындағы “Ақылды үй” жүйелері бар және күн панельдері бар тұрғын
үй кешені

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Т.К. Бәсенов атындағы Саулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

п.ғ.д., профессор

 С.Б. Шаяхметов

«10» 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Орал қаласындағы "Ақылды үй" жүйелері бар және күн панельдері
бар тұрғын үй кешені»

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Орындаған


Қамиева Толқын

(Білім алушының аты-жөні)



Рецензент


(ғылыми дәрежесі, атағы)

Қолы  аты-жөні

« » 2025ж.

Ғылыми жетекші



т.ғ.м., аға оқытушы

(ғылыми дәрежесі, атағы)

Теңгебаев Н.Е.

Қолы  аты-жөні

«10» 06 2025ж.

Подпись 
заведующий
HR департамент 
20

HR - ДЕПАРТАМЕНТ
HR - ДЕПАРТАМЕНТ
HR - DEPARTMENT

Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Т.К.Бәсенов атындағы Саулет және құрылыс институты
«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты
«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТТІМ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор



С.Б. Шаяхметов

«29» 01 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қамиева Толқын Жұмағазықызы

Тақырыбы: Орал қаласындағы 'Ақылжы үй' жүйелері бар және күн панельдері бар тұрғын үй кешені

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор 2025 жылғы
«29» қаңтар № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 05 » маусым 2025ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Құрылыс ауданы – Орал қаласы .

Ғимараттың конструкциялық жүйесі - Ғимараттың конструктивтік жүйесі – монолитті темірбетон қаңқалық жүйе. Қаңқа құрамында тіректер, ригельдер және плиталар қарастырылған. Іргетас ретінде плиталы іргетас қабылданған. Жабындар мен қабырғалар да темірбетоннан орындалады. архитектуралық шешімдері - Ғимарат 30 қабатты, жерасты 2 паркінгі бар. Архитектурасы заманауи стильде жобаланған. Сыртқы қабырғалар композиттік панельдермен қапталған. Барлық пәтерлер табиғи жарықпен қамтамасыз етілген. Қоғамдық аймақтарда заманауи материалдар мен декор элементтері қолданылған.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның), жылу-техникалық есебі, жарық техникалық есептеу, іргетас нұсқаларының есебі және орналастыру тереңдігі, энергия тиімділігі шараларының негіздемесі;

б) Есептік-конструктивтік бөлімі: есептік жүктемелерді анықтау, ригельді есептеу колоннаны есептеу;

в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыс бас жоспары;

г) Экономикалық бөлім: жергілікті смета, объектілік смета, жинақтық смета;

құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыс бас жоспары;

г) Экономикалық бөлім: жергілікті смета, объектілік смета, жинақтық смета;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1. Ғимараттың қасбеті, бас жоспар, қималар, жоспар – 5 парақ;
2. Ұстын, арқалақты арматуралануы, спецификациялар – 2 парақ;
3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстың бас жоспары – 3 парақ;

Жұмыс презентациясы слайдтарда 2-10 көрсетілген






Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 1.ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	30%	60%	90%	100%	Ескерту
Сәулет-аналитикалық	28.12.2024-08.01.2025				
Есептік-конструктивтік		08.01.2025-23.02.2025			
Ұйымдастыру-технологиялық			24.02.2025-06.04.2025		
Экономикалық				07.04.2025-20.04.2025	
Алдын-ала қорғау	14.04.2025 - 25.04.2025				
Сапаны бақылау (ТЖ)	21.04.2025 - 16.05.2025				
Антиплагиат	08.05.2025 - 21.05.2025				
Нормобақылау	12.05.2025 - 05.06.2025				
Сапаны бақылау (сызбалар)					
Қорғау	09.06.2025 - 28.06.2025				


Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Н.Е. Теңгебаев т.ғ.м., аға оқытушы	10.06	
Есептік-конструктивтік	Н.Е. Теңгебаев т.ғ.м., аға оқытушы	10.06	
Ұйымдастыру-технологиялық	Н.Е. Теңгебаев т.ғ.м., аға оқытушы	10.06	
Экономикалық	Н.Е. Теңгебаев т.ғ.м., аға оқытушы	10.06	
Нормобақылау	А.Б. Елубаев т.ғ.м., ассистент	10.06	
Сапаны бақылау	Н.В. Козюкова т.ғ.м., аға оқытушы	10.06	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні


Қолы


Қолы

Теңгебаев Н.Е.

Аты-жөні

Камиева Т.Ж.

Аты-жөні

«10» 06 2025 ж

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыс Орал қаласында заманауи талаптарға сай, энергия үнемдеуші және интеллектуалды басқару жүйелерімен жабдықталған тұрғын үй кешенін жобалау мәселесіне арналған. Жоба аясында күн панельдерін орнату арқылы баламалы энергия көздерін пайдалану мүмкіндіктері, сонымен қатар "Ақылды үй" жүйелері арқылы тұрғын үйдің қауіпсіздігін, жайлылығын және энергия тиімділігін арттыру жолдары зерттелді.

Жұмыста жобаланатын кешеннің сәулет-жоспарлау шешімдері, құрылыс конструкциялары, инженерлік желілері мен жабдықтары, күн панельдерінің орналасуы мен тиімділігі, сондай-ақ "Ақылды үй" технологияларының функционалдық мүмкіндіктері жан-жақты талданды. Бұған қоса, құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі, арматура мен бетон шығыны есептелді, күнтізбелік жоспар құрылды және экономикалық есептеулер жүргізілді.

Дипломдық жобаны орындау нәтижесінде Орал қаласының жағдайында экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді, заманауи тұрғын үй кешенін салудың техникалық негіздемесі жасалды, сонымен қатар оның құрылыс мерзімін, еңбек ресурстарын және шығындарын оңтайландыру жолдары ұсынылды.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассматривается проект современного жилого комплекса в городе Уральск, оснащённого солнечными панелями и системой «Умный дом». Проект направлен на использование альтернативных источников энергии за счёт солнечных панелей, а также внедрение интеллектуальных технологий для повышения безопасности, комфорта и энергоэффективности жилых зданий.

В работе приведены архитектурно-планировочные решения, конструктивные элементы, инженерные сети, размещение и эффективность солнечных панелей, функциональные возможности системы «Умный дом». Также выполнены расчёты объёмов строительных и монтажных работ, потребностей в арматуре и бетоне, календарный график и экономическое обоснование.

В результате дипломного проекта разработана технически обоснованная и экономически эффективная концепция современного жилого комплекса для города Уральск с предложениями по оптимизации сроков строительства, трудовых ресурсов и затрат.

ABSTRACT

This thesis presents the design of a modern residential complex in the city of Oral, equipped with solar panels and "Smart Home" systems. The project explores the use of alternative energy sources through solar energy integration and the implementation of intelligent technologies to enhance safety, comfort, and energy efficiency in residential buildings.

The work includes architectural and planning solutions, structural elements, engineering networks, optimal placement and performance of solar panels, and functional features of "Smart Home" systems. Additionally, construction and installation volumes, reinforcement and concrete requirements, a calendar schedule, and economic calculations are provided.

As a result of the thesis, a technically sound and economically viable modern residential complex concept was developed for the city of Oral, with proposals for optimizing construction time, labor resources, and costs.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	10
1 Сәулет-аналитикалық бөлім	11
1.1 Құрылыс ауданы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы	11
1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімінің сипаттамасы	12
1.3 Құрылыс объектісінің техникалық - экономикалық көрсеткіштері	13
1.4 Ғимараттардың қасбетінің композициялық және конструктивтік шешімі	14
1.5 Жарықтехникалық есептеу	15
1.5 Терезе өлшемдері мен табиғи жарықтандыру есебі	15
1.6 Құрылыстың инженерлік – геологиялық жағдайларын талдау	16
1.7 Теплотехникалық есеп	16
1.8 Ғимараттың инженерлік жабдықтары	17
1.9 Өртке қарсы шаралар	19
1.10 Ғимараттың энергия тиімділігін арттыру шаралары	19
1.11 Іргетас түрі мен оның орнатылу тереңдігі	20
2 Есептік-конструктивтік бөлім	22
2.1 Жүктемені анықтау	22
2.2 Лира бағдармалық кешені көмегімен есептеу	26
2.3 Есептік нәтижелерінің анализі	27
2.4 Темірбетон арқалығын есептеу	27
2.5 Көлденең арматураны есептеу	29
2.6 Ұстын есебі	31
3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі	33
3.1 Құрылыс алаңының сипаттамасы	34
3.2 Құрылыстың ұзақтығын анықтау	34
3.3 Жұмыс көлемін анықтау	35
3.4 Уақытша қоршау құрылғысы	36
3.5 Өсімдік қабатын кесу	36
3.6 Шұңқырдағы топырақты және шұңқырға шығатын траншеяны әзірлеу	37
3.7 Топырақ тапшылығының дамуы	37
3.8 Арматураны орнату	38
3.9 Іргетастарды бетондау	39
3.10 Қалыптарды алып тастау. Іргетастың гидроизоляциясы	39
3.11 Қайта толтыру	39

3.12 Топырақтың тығыздалуы	40
3.13 Территорияны түпкілікті жоспарлау	40
3.14 Уақытша қоршауды бөлшектеу	40
3.15 Жер жұмыстары процесін кешенді механикалық таңдау	41
3.16 Кранының техникалық таңдау	41
3.16 Жер үсті жұмыстарын орнату бойынша нұсқаулар	43
3.17 Құрылыс алаңын ұйымдастыру	44
3.18 Құрылыс алаңын жарықтандыру	46
4 Құрылыстағы экономика	50
ҚОРЫТЫНДЫ	52
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	53
А Қосымшасы	54
Б Қосымшасы	62
В қосымшасы	64
Г қосымшасы	73
Д қосымшасы	91

КІРІСПЕ

XXI ғасырда құрылыс саласы жедел түрде ілгерілеп, жаңа технологиялар мен табиғатқа зиянсыз шешімдерді іздестіруде. Энергия көздерінің азаюы, қоршаған ортаның бүлінуі және жаһандық климаттың өзгеруі сынды қазіргі заманның түйткілді мәселелері құрылыс өнеркәсібінен тың әрі баламалы жолдарды талап етуде. Бұл тұрғыда күн қуатын пайдалану және тұрғын үйлерді автоматтандыру жүйелері бүгінгі күннің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр.

"Жасыл" технологияларды қолдану арқылы ғимараттардың энергияны аз тұтынуына қол жеткізу, экологиялық салмақты төмендету және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту – қазіргі заманғы құрылыс саласының басты міндеттерінің қатарында. Осы дипломдық жұмыс Орал қаласында күн батареялары және «Ақылды үй» жүйелерімен жабдықталған инновациялық тұрғын үй кешенін жобалауға арналады. Қаланың ауа райы мен табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, энергияны үнемдейтін және интеллектуалды басқарылатын тұрғын үй кешенін жүзеге асыру мүмкіндігі зерттеледі.

Зерттеу объектісі ретінде Орал қаласында орналасқан көп қабатты тұрғын үй кешені алынды. Зерттеудің негізгі пәні – аталған кешенде энергияны үнемдеу, smart технологияларды және озық инженерлік жүйелерді пайдалану арқылы құрылыс жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру болып табылады.

Жұмыстың басты мақсаты – күн энергиясын және «Ақылды үй» технологияларын тиімді қолдануға негізделген тұрғын үй кешенінің жобасын дайындау. Жобада сәулеттік-жоспарлау шешімдерінен бастап, құрылыс құрылымдары, инженерлік жүйелер, құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі, құрылыс мерзімін жоспарлау, қажетті материалдар мен еңбек ресурстарын есептеу, сондай-ақ оның экономикалық тиімділігін талдау мәселелері қарастырылады.

Зерттеу барысында жобалау және модельдеу, салыстырмалы талдау, техникалық-экономикалық есептеулер және графиктік жоспарлау әдістері қолданылды.

Дипломдық жұмыстың қорытындысында Орал қаласының климаттық жағдайларына бейімделген, қазіргі заман талаптарына жауап беретін, энергияны үнемдейтін, автоматтандырылған тұрғын үй кешенін жобалау ұсынылады. Бұл жоба келешекте осыған ұқсас экологиялық және технологиялық тұрғыдан тиімді тұрғын үйлердің санын көбейтуге жол ашады.

1 Сәулет-аналитикалық бөлім

Сәулет-талдау бөлімі мекеменің сәулеттік және талдамалық жұмыстарын жүзеге асырады, жобаның ойдағыдай іске асуына және олардың жоғары деңгейде аяқталуына міндетті.

1.1 Құрылыс ауданы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы

Көпқабатты тұрғын үй кешені Орал қаласында орналасқан.

Орал қаласы Қазақстанның батысында, Орал өзенінің жағасында орналасқан. Географиялық орналасуына байланысты қала континентальды климатқа ие: жазы ыстық және құрғақ, қысы суық және қарлы. Жауын-шашынның жылдық мөлшері шамамен 250-350 миллиметрді құрайды, негізінен көктем мен күзде түседі. Желдің басым бағыттары 1.1 — суретте көрсетілгендей солтүстік-шығыс және батыс болып табылады.




1.1-сурет- Орал қаласындағы жел бағытының қайталануы

Кесте 1.1- ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климотологиясы» бойынша құрылыс ауданының ауа температурасы


Климаттық аудан	ІІВ
Абсолютті минималды температура	-12,5°С
Абсолютті максималды температура	42°С
Жылдық ауа температурасы	6,3 °С

1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімінің сипаттамасы



1.2-сурет- Ғимараттың ситуациялық жоспары

Дипломдық жобаны жүзеге асыру үшін таңдалған жер Есенжанов пен Шолохов көшелерінің қиылысында орналасқан. Жобаның тұжырымдамасы осы ауданның қала құрылысының тиімді орналасуына негізделген (1.2-Сурет). Сонымен қатар, құрылыс шешімінің мүмкіндігінше тиімді және үнемді болуын қамтамасыз ету үшін техникалық-экономикалық көрсеткіштер ескерілді. Нәтижесінде тұрғын үй кешенін осы екі көшенің қиылысында жобалау туралы шешім қабылданды



1.3-сурет - Ғимаратымның 3D көрінісі

Тұрғын үй кешені 30 қабатты жер үсті бөлігінен және 2 қабатты жертөле бөлігінен тұрады. Ғимараттың жоспарлық өлшемдері – 15х168 метр. Жалпы биіктігі – 90 метрді құрайды. Әр типтік қабаттың және жертөле қабатының биіктігі – 3 метрден. Кешенде 1 кіреберіс (шығу) пандусы қарастырылған. Әрбір секцияда 1000 кг жүк көтере алатын лифт пен бір типті баспалдақ орнатылған. Барлық пәтерлер саны – 163. Оның ішінде: бір бөлмелі пәтерлер – 18, екі бөлмелі – 45.

Ғимараттың іргетасы плиталық типте жасалған. Құрылыс негізінен қабырғалар мен аражабындардан құралған. Сыртқы және ішкі қабырғалар, төбе жабыны мен аражабындар монолитті темірбетоннан орындалған. Сондай-ақ баспалдақтар, лифт шахталары және парапет те монолитті темірбетоннан жасалған. Жұмыс арматурасының конструкциялық класы - S500, S240

Құрылыс конструкцияларында қолданылатын бетонның жобалық класы – С20/25. Бұл көрсеткіш ҚР ҚН EN 1990 «Құрылыс конструкцияларын жобалау негіздері» стандартына сәйкес тұрақты жүктемелер жағдайына есептеліп қабылданған

Тұрғын үй кешенінің маңындағы аумақ бір кіреберіс арқылы қолжетімді, оның негізгі жолы Шолохов көшесіне бағытталған. Бұл кіреберіс жерасты автотұрағына да өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Аумақтың жер бедері түрлі қызметтік қажеттіліктерге бейімделген: автокөлік қозғалысына арналған асфальт жолдар, жүргіншілерге – тас төсеніштер, ал көгалдандыру аймақтарына – өсімдікке қолайлы топырақ төселген.

Аула аумағында техникалық көліктердің бұрылуына арналған алаң, сондай-ақ балалар мен қарттарға арналған демалыс және ойын аймақтары қарастырылған.

Есенжанова мен Шолохова көшелері бойындағы аумақтар да абаттандырылып, көгалдандырылуы жоспарланған. Бас жоспар 1:1000 масштабта жасалған, онда желдің бағыты (жел раушаны) мен сейсмикалық жағдайлар ескерілген. Жобада көгалдандыру элементтерімен қатар шағын сәулет нысандары да қамтылған.

1.3 Құрылыс объектісінің техникалық - экономикалық көрсеткіштері

Тұрғын үй кешеніндегі барлық пәтерлер заманауи инженерлік жүйелермен қамтылған. Пәтер ішіндегі бөлмелердің жоспарлануы тұрмыстық жайлылықты ескере отырып жасалған: қоғамдық белсенділік орындары (мысалы, ас үй, қонақ бөлме) және тыныш демалыс аймағы (жатын бөлмелер) бір-бірінен бөлектеніп орналасқан. Санитарлық тораптар әр аймаққа жеке қызмет көрсету үшін жеке орналасқан.

Әр пәтердің терезелері жарық пен желдету талаптарына сәйкес бағдарланған. Негізінен жатын бөлмелер аула жаққа қараса, ас үйлер мен қонақ бөлмелер – көше жағына бағытталған. Бұл шешімдер тұрғындардың күнделікті тұрмысын барынша қолайлы етуге бағытталған.

Пәтерлер мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып жобаланған. Әрбір кіреберісте жүк тасымалдауға және жолаушыларға арналған лифт бар. Қоқыс тастау жүйесі (құбыр), сумен қамту және жылыту, сондай-ақ электр қуатын бөлу және реттеу жүйелері қабат деңгейінде ұйымдастырылған. Бұл жүйелер тұрғындарға ыңғайлы жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Кесте 1.2-Ғимараттың негізгі көрсеткіштері

№	Атауы	Өлш бірлігі	Ауданы
1	Жалпы тұрғын үй	м ²	492.8
2	1 бөлмелі пәтерлер саны	саны	18
3	2 бөлмелі пәтерлер саны	саны	45
4	Ғимарат қабаты	саны	9
5	0,000деңгейіндегі бөлмелер	м ²	394.88
6	Типтік қабаттар	м ²	401.25

1.4 Ғимараттардың қасбетінің композициялық және конструктивтік шешімі

Жобаланған тұрғын үй кешенінің қасбеттік шешімі заманауи сәулеттік үрдістерге сай әзірленген. Қасбет тек сыртқы келбетті әсемдеумен шектелмей, техникалық және функционалдық талаптарды да толық қамтамасыз етеді. Ғимараттың сыртқы бейнесі өзіндік ерекшелігімен көзге түсіп, қалалық ортаға көркемдік серпін береді.

Қасбеттік композицияда симметрия мен ырғақ сақталып, балкондар, терезелер және шығыңқы элементтер арқылы көлемді-кеңістік құрылымы айқындалады. Тік және көлденең бағыттағы сызықтар қасбеттің серпінділігін арттырып, ғимараттың визуалды қабылдануын жеңілдетеді. Әртүрлі деңгейде орналасқан терезе элементтері, балкондар және көлеңке беретін бөлшектер арқылы құрылым динамикасы мен архитектуралық пластика қамтамасыз етілген.

Ғимарат қасбеті торлы панельдік жабын жүйесімен орындалған. Бұл типтегі қасбеттік шешім – желдетілетін фасадтарға жатады. Мұндай жүйеде сыртқы қорғаныс қабаты ғимараттың негізгі қаңқасынан бөлек бекітіледі. Бұл қабат металл торлы панельдерден, нақтырақ айтқанда алюминий немесе болаттан жасалған торлы экрандардан тұруы мүмкін. Олар ауа алмасуды қамтамасыз ете отырып, күн сәулесін сүзгілеп, ішкі кеңістіктерді қызып кетуден қорғайды.

Қасбеттік беткейдің толқын тәрізді пішіні параметрлік жобалау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылған. Мұндай формалар үшін икемді және пішінге оңай келетін композитті материалдар, сондай-ақ металл тіректермен бекітілген GRC (шыныталшықты темірбетон) немесе алюминий панельдер жиі қолданылады. Бұл материалдар ауа райының әсеріне төзімді, ұзақмерзімді және техникалық қызмет көрсетуді аз қажет етеді.

Конструктивтік тұрғыда қасбеттік жүйе негізгі темірбетонды қаңқаға

тәуелсіз орнатылған. Қаптама панельдері алюминий профильдер мен анкерлік бекіткіштер арқылы тіреліп, арада ауа қабаты қалдырылады. Бұл шешім ғимараттың энергия тиімділігін арттырып, жылу оқшаулау көрсеткіштерін жақсартады. Сонымен қатар, терезелер мен есіктерге арналған блоктар энергия үнемдейтін материалдардан жасалып, ішкі климаттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қасбеттік шешім тек сәулеттік көркемдікті емес, сонымен қатар экологиялық, энергия үнемдеу және қолайлылық талаптарын да толық орындайды. Мұндай тәсіл ғимараттың ұзақ мерзімді беріктігін, техникалық қызмет көрсету ыңғайлылығын және эстетикалық тартымдылығын үйлестіріп береді.

1.5 Жарықтехникалық есептеу

Тұрғын үй кешенінде жарықтандыру жүйесінің тиімділігі тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан ғимараттың барлық қабаттарында және функционалдық аймақтарында жарықтандырудың қажетті деңгейлері қарастырылды.

Жобада табиғи жарықтандырудың жеткілікті болуы үшін терезелердің мөлшері мен орналасуы арнайы есептелді. Табиғи жарықтың ғимарат ішіне енуі күндізгі жарықтандыруды қамтамасыз етеді, бұл энергия үнемдеуге ықпал етеді.

$$N = \frac{E \cdot S}{n \cdot F \cdot UF \cdot MF} = \frac{200 \cdot 20}{1 \cdot 1600 \cdot 0,6 \cdot 0,8} = 5,21$$

Бөлмені қажетті жарықтандырумен қамтамасыз ету үшін шамамен 6 шам (LED лампалар) орнату қажет.

1.6 Терезе өлшемдері мен табиғи жарықтандыру есебі

Ғимараттағы табиғи жарықтандыруды қамтамасыз ету үшін терезелердің мөлшері мен орналасуы арнайы есептелді. Терезе ауданы ішкі кеңістіктерге жеткілікті күн сәулесін енгізіп, жарық деңгейінің нормативтік талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

$$S_0 = \frac{e \cdot S_n}{100} = \frac{1 \cdot 20}{100} = 0,2 \text{ м}^2$$

\

1.7 Құрылыстың инженерлік – геологиялық жағдайларын талдау

Құрылыс алаңы Орал қаласының шегінде орналасқан және инженерлік-геологиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде қолайлы жағдайға ие. Алаңда топырақ түрлері негізінен саздақ және құмдақ құрылымдардан тұрады, олар жеткілікті тығыздалған және ғимарат салуға жарамды.

Жер асты суларының деңгейі 3–5 м тереңдікте орналасқан, маусымдық көтерілуі мүмкін. Аудандағы топырақ қату тереңдігі – 1.23 м. Бұл көрсеткішті ескере отырып, ғимараттың плиталық іргетасы 6 метр тереңдікте жобаланған, бұл аяздың әсерінен болатын деформациядан тиімді қорғаныс береді. Жалпы, құрылыс алаңының геологиялық ерекшеліктері күрделі емес және жоба шешімдерін іске асыруға мүмкіндік береді.

1.8 Теплотехникалық есеп

Қабырғаларды оқшаулау оқшаулауының қалыңдығын есептеу.

Бастапқы деректер:

- Құрылыс ауданы – Орал қаласы.
- Ішкі ауаның болжамды температурасы $t_i=210^{\circ}\text{C}$
- Ең суық бес күн үшін сыртқы ауаның есептік температурасы (қамтамасыз етілуі 0,92) $t_c = -29,60^{\circ}\text{C}$
- Жылыту кезеңінің орташа температурасы $t_{\text{жк орт}}=4,60^{\circ}\text{C}$
- Жылыту кезеңінің тәуліктік ұзақтығы $Z_{\text{тү}}=193$
- $n=1$ - сыртқы ауаға қатысты қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жағдайына байланысты қабылданатын коэффициент;
- $\Delta t_n = 4^{\circ}\text{C}$ - ішкі ауа температурасы мен қоршау құрылымының ішкі бетінің температурасы арасындағы нормативтік температуралық айырмашылық;
- $\alpha_i = 8,7 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})$ – ішкі бетке жылу беру коэффициенті
- $\alpha_c = 23 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})$ - қоршау құрылымының сыртқы бетіне жылу беру коэффициенті (қысқы жағдайлар үшін);
- Бөлменің ылғалдылық режимі қалыпты (55%)
- Ылғалдылық аймағы – 3 (құрғақ)

Жоспар бойынша сыртқы қалыңдығы газдалған бетон қабырғалар 250 мм.

Кесте 1.3 – Қабырғаның жекелеген қабаттарының жылу техникалық көрсеткіштері

Материалдың атауы	Тығыздығы γ , кг/м ³	Қабат қалыңдығы δ , мм	Жылу өткізгіш коэффициенті λ , Вт/(м·°C)
Керамикалық плитка	1800	20	1,5
Минералды жүн плитасы	80	X	0,045

Қажетті жылу беру кедергісін анықтаңыз жылу беру кезеңінің тәулігіне (ТКГТ) градусы есептеңіз:

$$\text{ТКГТ} = (t_b - t_{ot} t_p) \cdot z_{ot} = (21 + 4,6) \cdot 193 = 4940 \text{ }^{\circ}\text{C тәулік} \cdot \text{жыл}$$

Қоршаушы құрылымдардың жайлылық пен санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ететін қажет термиялық кедергісі R_0 тр.

$$R_0 \text{ тр} = (n \cdot (t_b - t_n)) / (\alpha_b \cdot \Delta t_n)$$

Мұнда: $N = 1$;

$$\alpha_b = 8,7 \text{ Вт м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C};$$

$$\alpha_n = 23 \text{ Вт м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C};$$

$$t_n = -29,6 \text{ }^{\circ}\text{C};$$

$$\Delta t_n = 4,5 \text{ }^{\circ}\text{C};$$

$$R_0 \text{ тр} = 1 \times (21 + 29,6) / 4,5 \times 8,7 = 1,29 \text{ м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C Вт}.$$

Қоршаушы құрылымның әрбір қабатын ескере отырып, оның жылу өткізбейтін кедергісін (термиялық кедергісін) есептеймін.

1.9 Ғимараттың инженерлік жабдықтары

Жобаланып отырған 30 қабатты тұрғын үй кешенін тиімді әрі сенімді түрде ыстық және суық сумен қамту — тұрғындардың күнделікті өмірінің қолайлылығы мен санитарлық талаптарға сай болуы үшін маңызды.

Суық су ғимаратқа орталықтандырылған қалалық су желісінен тартылады. Ғимараттың биік болуына байланысты жоғарғы қабаттарға тұрақты қысыммен су жеткізу мақсатында арнайы көтергіш сорғы қондырғылары мен су қоймасы қарастырылған. Жүйе бірнеше негізгі бөліктен тұрады:

Су енгізу торабы — бұл магистральдық жүйеден ғимаратқа су келетін бастапқы желі;

Қысым реттегіш сорғылар — әрбір 10 қабат сайын қажетті қысымды қамтамасыз етеді;

Қорғаныс және басқару арматурасы — бұған сүзгілер, манометрлер және кері клапандар жатады;

Пәтерішілік су желілері — әр пәтерге су тарату жүйесі және жеке есептегіш құралдары арқылы орындалады

Тұрғын үй кешенінің сумен жабдықтау жүйесінде қазіргі заманғы сенімді және ұзақ мерзімді материалдар пайдаланылады. Құбырлар негізінен полипропилен немесе полиэтиленнен жасалып, тігінен шахталар арқылы 3–5 қабат сайын бөлінеді. Бұл шешім жүйенің техникалық қызмет көрсетуін жеңілдетіп, қауіпсіздігін арттырады.

Су тарату жүйесі екі аймаққа бөлінген: төменгі (1–10 қабат) және жоғарғы (11–30 қабат) қысым аймақтары. Әр аймақ бойынша ауыз су мен өртке қарсы су желілері жеке-жеке жобаланып, суды тұтынуды нақты тіркеу үшін есептеу құралдары орнатылған. Сонымен қатар, бұл жүйе жерасты автотұрағы мен тұрғын үйдің барлық пәтерлерін қамтиды.

Ыстық сумен жабдықтау. Ғимаратты ыстық сумен қамту қалалық жылу

желісінен тікелей қосылатын орталықтандырылған жүйе арқылы жүзеге асады. Жүйе жабық типті, яғни магистральдар мен тік құбырлар бойынша су айналымы қарастырылған, бұл судың әрқашан берілген температурада болуын қамтамасыз етеді. Қажетті су мөлшері мен жылу жүктемесі ҚНЖЕ 2.04.01-85* нормативтері негізінде есептелді.

"Ақылды үй" жүйесімен интеграция. Жобада сумен жабдықтау жүйесін заманауи "ақылды үй" технологиясымен біріктіру көзделген. Бұл жүйе төмендегі мүмкіндіктерді ұсынады:

Су ағыуы орын алғанда автоматты түрде сигнал беретін датчиктер;

Смартфон арқылы суды қашықтан қосу немесе өшіру мүмкіндігі;

Апта сайынғы су шығыны туралы есеп пен пайдаланушыға ескерту хабарламаларын жолдау.

Осы шешімдер жүйенің қауіпсіздігін, тиімділігін және тұрғындардың жайлылығын барынша арттырады

Жертөле қабатында төселетін суық және ыстық су жүйелерінің ішкі құбырлары ашық түрде жүргізіледі және полиэтилен (PE-X) немесе көпқабатты металлополимерлі құбырлардан жасалады. Бұл құбырлар коррозияға төзімді және ұзақ уақыт бойы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін заманауи материалдар санатына жатады.

Ашық орналасқан құбырлар сыртқы әсерлерден қорғау мақсатында қорғаныш гильзаларға салынып, олар арнайы термоизоляциялық жамылғымен қапталады. Суық және ыстық сумен жабдықтау магистральдары мен тік тармақтары K-FLEX немесе аналогты эластомерлік жылуокшаулағышпен окшауланады, бұл жүйенің энергия үнемділігін арттырады.

Монтаж жұмыстары, қысыммен сынау және қабылдау процестері ҚНЖЕ 3.05.01-85* регламенттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жылумен жабдықтау. Тұрғын үйді жылыту жүйесі екі құбырлы схема негізінде орындалған. Барлық қажетті жылу жүктемелері нақты пәтерлер мен бүкіл ғимарат бойынша жеке есептеліп, жүйенің тиімділігі қамтамасыз етілген. Құбырлар ретінде полиэтиленнен жасалған арматураланған құбырлар (PEX-Al-PEX) пайдаланылады, олар жоғары температура мен қысымға төзімді.

Жылу таратушы құрал ретінде биметалл радиаторлар (мысалы, Rifar немесе Global маркалары) таңдалып отыр. Бұл радиаторлар ұзақ қызмет етеді және жылу беру тиімділігі жоғары. Жүйеден ауа шығару автоматты ауа клапандары (автовоздухоотводчик) арқылы жүргізілді.

Санитарлық-техникалық жұмыстарды жүргізу, сынау және пайдалануға қабылдау ҚНЖЕ 3.05.01-85* сәйкес жүргізілсін.

Құбырларды окшаулау жұмыстары басталар алдында алдымен олардың бетін коррозиядан тазарту жүргізіледі, кейінгі кезеңде құбырларға битумды праймердің орнына коррозияға қарсы эпоксидті немесе полимерлік праймер жағылады. Бұдан кейін битумды жабын орнына қорғаныс үшін екі қабат полимер-битум негізіндегі гидроизоляциялық жабын қолданылады. Металл құбырларды және жылыту құрылғыларын бояу үшін дәстүрлі майлы бояудың орнына жоғары беріктігі бар, жылу және коррозияға төзімді полимерлік немесе

акрилді бояулар пайдаланылады. Еден астындағы құбырлар үшін битумды лактың орнына полиуретанды немесе полиэфирлі қорғаныс жабындары ұсынылады.

Еден, ішкі қабырға және қалқалардың құбыр жолдарымен қиылысатын учаскелерінде 15 мм сақиналы саңылаулы пластикалық немесе металл гильзалар орнатылады. Монтаж және реттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, құбырлар мен ауа өткізгіштердің өтетін жерлері отқа төзімділігін арттыру мақсатында минералды жүн негізіндегі өртке қарсы изоляциялық материалдармен қоршалады.

Желдету жүйесі табиғи және механикалық түрде үйлестірілген. Жертөле мен ванна бөлмелері, сондай-ақ асүйлердегі ауаның шығарылуы үшін оцинкованной болаттан жасалған құбырлар қолданылған. Жоғарғы қабаттар мен шатырларда жоғары өнімділікті энергия үнемдейтін желдеткіштер орнатылған. Тік құбырлар металл торлы қорғаныспен және цементтік-минералды негіздегі гидроизоляциялық қоспамен қапталған. Оқшаулау үшін битумды төсеніштердің орнына минералды-ұяшықты немесе базальт маталар және оларды жұқа алюминий фольга қабатымен қаптау қолданылады. Түтін шығаруды қамтамасыз ету үшін гараждан автоматтандырылған түтін клапандары (KDM) және шатырда қуатты желдеткіштер орнатылған. Паркингтің механикалық желдетуі 48 автокөлікке есептеліп, ҚР Құрылыс нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Барлық инженерлік жүйелердің орнату жұмыстары мен реттеулері ҚР БК 4.02-101-2012 талаптарына толық сай жүзеге асырылады.

1.10 Өртке қарсы шаралар

Жобадағы ғимараттың өрт қауіпсіздігі шаралары ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009 «Ғимараттар мен құрылымдардың өрт қауіпсіздігі» стандарттарына сәйкес қарастырылған. Эвакуациялық есіктер тек шығу бағытында ашылуы қамтамасыз етіледі. Эвакуация жолдарындағы қабырға мен төбелерді отқа төзімді және жанбайтын материалдармен жабу міндеттеледі. Сонымен қатар, сырттан әкелінетін ішкі әрлеу материалдары үшін мемлекеттік өртке қарсы қызмет және қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау ұйымдарынан тиісті рұқсаттар мен сапа сертификаттарын алу қажет.

1.11 Ғимараттың энергия тиімділігін арттыру шаралары

Жобаланатын ғимараттың энергия тиімділігін жоғарылату мақсатында бірнеше инновациялық және экологиялық тұрақты шешімдер енгізіледі. Біріншіден, сыртқы қабырғалар мен шатырдың жоғары сапалы жылу оқшаулағыш материалдармен жабдықталуы ғимараттың жылу жоғалтуларын азайтады. Бұл жылыту мен салқындату жүйелерінің энергия тұтынуын елеулі түрде төмендетеді. Екіншіден, терезелерде үшқабатты төмен эмиссиялы шыны

пайдаланылып, күннің жылу энергиясын тиімді пайдалану және жылу шығындарын азайту қамтамасыз етіледі. Үшіншіден, ғимараттың жарықтандыру жүйесінде энергия үнемдейтін LED лампалар мен автоматтандырылған жарық сезгіштер қолданылады, бұл электр энергиясының қажетсіз жұмсалуды азайтады. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерін, мысалы, күн панельдерін орнату арқылы ғимараттың электр энергиясын өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыру қарастырылған. Соңында, су мен жылуды тиімді пайдалану үшін су қайта өңдеу және жылу қалдықтарын қалпына келтіру жүйелері енгізіледі. Қосымша ретінде, ғимараттың сыртқы дизайнында табиғи көгалдандыру мен көгалдандыру жүйелері орнатылып, экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін жасыл алаңдар құрылады. Осы шаралар кешені ғимараттың экологиялық таза әрі экономикалық тұрғыдан тиімді болуына ықпал етеді.

1.12 Іргетас түрі мен оның орнатылу тереңдігі

Жобаланатын ғимараттың іргетасы ретінде плиталық фундамент қолданылған. Орал қаласының инженерлік-геологиялық жағдайларын ескере отырып, бұл типтегі іргетас құрылысқа тұрақтылық пен сенімділік береді. Плиталық фундамент топырақтың салмақты теңінен біркелкі таратып, іргетастың деформациясын азайтады. Іргетастың орнатылу тереңдігі 6 метрге тең, бұл қатты және тұрақты қабатқа дейін жетуді қамтамасыз етеді. Осы тереңдік ғимараттың салмақтық жүктемелерін сенімді түрде қабылдап, жердің топырақ ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін кез келген қозғалыстарды жеңілдетеді. Сонымен қатар, плиталық фундамент судың және топырақтың қозғалысына қарсы тиімді қорғаныс ретінде қызмет етеді, бұл ғимараттың ұзақ мерзімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Орал қаласының климаты мен топырақ құрылымына сай таңдалған бұл фундамент түрі құрылыс жұмыстарының сапасын арттырады және ғимараттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жобада қолданылатын плиталық іргетас Орал қаласының инженерлік-геологиялық жағдайлары негізінде таңдалған. Плиталық фундамент қатты және тұрақты топырақ қабатына орнатылып, ғимараттың салмағын біркелкі таратады. Іргетастың тереңдігі 6 метрге дейін жетеді, бұл құрылыс салынатын аймақтағы топырақтың мұздану тереңдігін ескере отырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мұндай тереңдік ғимараттың деформациясына жол бермей, оның сенімділігін арттырады. Сонымен қатар, плиталық фундамент топырақтың қозғалыстарынан қорғау қызметін атқарып, құрылыс объектісінің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша, Орал қаласының нақты инженерлік-геологиялық ерекшеліктеріне сай таңдалған плиталық фундамент жобаның негізін сенімді етеді.

Плиталық іргетасты орнату үшін құрылыс алаңын мұқият дайындау қажет. Алдымен, топырақ қабаттарын зерттеп, оның сипаттамаларын анықтау маңызды. Орал қаласының инженерлік-геологиялық жағдайларын ескере отырып, құрылыс алаңындағы құнарлы қабат алынуы тиіс және оның орнына тұрақты,

жақсы таңдамалы топырақпен ауыстырылуы қажет. Сонымен қатар, іргетас орнатылатын жерде топырақтың мұздану тереңдігі мен су деңгейін бақылау керек. Құрылыс алаңы тегістеліп, қажет болса, гидрооқшаулау шаралары жүргізіледі. Мұндай дайындық плиталық фундаменттың дұрыс орналасуына және ғимараттың беріктігі мен ұзақ мерзімділігіне ықпал етеді. Осылайша, құрылыс алаңын сапалы дайындау – плиталық іргетастың сенімділігінің негізі болып табылады

Сейсмикалық белсенділігі төмен аудандарда іргетасты қосымша нығайту немесе тереңдету қажет болуы ықтимал. Бұл шаралар сейсмикалық жүктемелерге төтеп беруді күшейтіп, ғимараттың тұрақтылығы мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осындай тәсілдер құрылыс объектісінің ұзақ мерзімді және сенімді қызмет етуін қолдайды.

Топырақтың қату тереңдігін анықтау :

$$D_{fn} = d_0 \cdot \sqrt{M_t} = 0,23 \cdot \sqrt{28,9} = 1,23$$

мұндағы $d_0 = 0,23$ м - саз және саздақ үшін; M_t - қыс мезгіліндегі орташа айлық теріс температуралардың абсолюттік мәндерінің қосындысы - климаттық жағдайларды сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл көрсеткіш СП РК 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» нормативтік құжатының 14-кестесіне сәйкес анықталады. Орал қаласы үшін аталған қосындының мәні 28,9-ға тең және ол іргетас тереңдігін, жылу техникасы бойынша есептерді және басқа құрылыс шешімдерін анықтауда ескеріледі.

2 Есептік-конструктивтік бөлім

Есептік конструктивтік бөлім — құрылыс жобалауы және жобалау құжаттамаларын дайындау барысында маңызды орын алатын бөлім.

2.1 Жүктемені анықтау

Құрылымдарды есептеу кезінде жүктемелер мен әсерлер ҚНЖЕ 2.01.07-85 «Жүктемелер мен әсерлер» бойынша қабылданады. Бұл стандарт құрылымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жүктеме түрлері мен әсерлерді анықтайды, сондай-ақ есептеу кезінде қолданылатын шекті мәндер мен нормативтерді белгілейді.

Лира бағдарламалық кешені көмегімен есептеу жүргізіледі. Бұл бағдарлама құрылымның динамикасын, статикалық және динамикалық жүктемелерді ескере отырып, нақты есептеулерді орындауға мүмкіндік береді. Бағдарлама нәтижелері негізінде құрылымның беріктігі мен қауіпсіздігі туралы қорытынды жасауға болады.

Жұмыс бағдарламадан жасалғаннан кейін, талдау бөлімі құрастырылады. Бәрі астыңғы суреттер мен кестелерде көрсетілген, олар есептеулердің нәтижелерін визуалды түрде көрсетіп, жобаның барлық аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәліметтер құрылымның дұрыс жобаланғанын және барлық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін көрсету үшін маңызды.

Кесте 2.1 – Қабаттардағы жүктемелер. Толық жүктемелер үйлесімдігін төменде А қосымшасынан көреміз.

	Жүктеме		
1	Собственный вес (Рисунок 2.1-2.2)		авто.
2	Еден конструкциясы	Толщины слоя, м плотность, кг/м3	Сипаттамалық жүктеме, кН/м2
	Жертөле еденнен түсетін жүктеме		
	Гидроизоляция (битумная мастика)	0.02 20	0,4
	Жылуоқшаулағыш (пенопласт)	0.05 0,20	1
	Арматураланған стяжка	0.05 25	1,25
	Барлығы:		2,65
	Типік қабат еденінен түсетін жүктеме		
	Бетон төсемі	0.02 20	0,4
	Жылуоқшаулағыш (пенопласт)	0.05 0,20	1

Кесте 2.1 жалғасы

	Арматураланған стяжка	0,05 25	1,25
	Әрлеу жабыны (керемикалық тақта)	0,008	0,2
		25	
	Титік қабат үшін барлығы::		2,85
	Тегіс шатыр үшін:		
	Арматураланған бетон төсемі	0,05	1,25
		25	
	Бу оқшаулау		0,015
	Экструдталған пенополистирол	0,15	0,06
		0,40	
3	Битумная гидроизоляция (2 слой)	0,02	0,3
		15	
	Тегіс шатыр үшін барлығы:		1,625
	Қабырғалар конструкциясы	Қабаттың қалыңдығы,м	Сипаттамалық жүктеме
	Сыртқы көтергіш қабырғалар (қабырғалардың биіктігі 3 м):		
	газоблок	0,3	4,5
		5	
	Минеральды мақта (ПЖ Isover)	0,1	0,27
		0,9	
	кірпіш	0,12	5,4
		15	
	Сыртқы көтергіш қабырғалар үшін барлығы::		10,17
	Парапет (парапет биіктігі 1.2м):		
	Газоблок	0,3	2,16
		6	
	Минеральды мақта (ПЖ Isover)	0,1	0,108
		0,9	
	Кірпіш	0,12	2,16
		15	
	Минеральды мақта (ПЖ Isover)	0,1	0,27
		0,9	
	ГКЛ Кнауф	0,01	0,294
		9,81	
	Всего для перегородок:		0,858
4	Горизонтальное давление от грунта	Характеристики	
	Саздақ	$E = 20 \text{ МПа} = 2 \cdot 10^4 \text{ кН/м}^2$	
		$\gamma = 1.68 \text{ г см}^3 / = 16.8 \text{ кН/м}^3$	
		$\varphi = 40 \text{ град. } c=0$	

Кесте 2.1 жалғасы

Расчет
Белгідегі топырақтың белсенді қысымының көлденең қарқындылығы –3 м тереңдікте
$\sigma = \gamma H \lambda_g = \gamma H \cdot tg2(45 - \varphi/2) = 16.8 \cdot 3 \cdot tg2(45 - 40/2) = 10.95 \text{ кН/м}^2$

Кесте 2.2 – EN1991 бойынша уақытша жүктемелер А категориясы үшін

Атауы	Жүктемелері
Едендер үшін	2 кН/м ²
Баспалдақтарға	2 кН/м ²
Пайдаланылмайтын шатыр	0.4 кН/м ²

Қар жүктемесі:

ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 “Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер” нормативтік құжаты бойынша қар жүктемесін анықтау үшін (1 жағдай үшін 2.1 інші формуланы қолданамыз.

1) Тұрақты/өтпелі есептік жағдай:

$$\mu_1 = 0,8$$

$$s_i = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0.8 \cdot 1,0 \cdot 1.0 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кПа} = 0,96 \text{ кН/м}^2$$

мұнда μ_i – қар жүктемелері нысандарының коэффициенті (Б қосымшасы және 5.3-ті қараңыз); $\mu_i = 0,8$ (5.2 кесте ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)- 2017 бойынша)

s_k – топыраққа қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні (В қосымшасы бойынша Орал қаласы ІІ інші аймаққа ол $s_k = 1,2$ кПа);

C_e – қоршаған орта коэффициенті; $C_e = 1,0$ (5.1 кесте ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 бойынша);

C_t – жылу коэффициенті. $C_t = 1,0$ (5.2.7 ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 бойынша).

Авариялық қар үшін:

ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 “Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер” нормативтік құжаты бойынша қар жүктемесін анықтау үшін (1 жағдай үшін 5.1 інші формуланы қолданамыз, ал екінші жағдай үшін 6.1 інші формуланы қолданамыз)

Жел жүктемесі:

Жел жүктемесі ғимаратқа желмен (белсенді қысым) және желмен (отсос) әсер етеді. Жел жүктемесінің қарқындылығының есептік мәні. Ғимараттың өлшемдері 168*15*90 м, ІІІ жел районы, жергілікті типі ІV

Х үшін жел:

Жел жағына сыртқы қысым (D аймағы):

Ғимаратты биіктігі бойынша сыртқы қысым үшін базалық биіктікке сәйкес аймақтарға бөлейік z_e 7.2.2(1) әдістеме бойынша егер $b = 168 \text{ м} > h = 90 \text{ м}$

Кесте 2.3 – $b=168 \text{ м}$ болған кездегі жел жүктемесі

	1 этаж	
D	$We = 3 \cdot (+0,7) = 2,1 \text{ кН/м}^2$	$2,1 \cdot 1,5 = 3,15 \text{ кН/м}$
A	$We = 3 \cdot (-1,2) = -3,6 \text{ кН/м}^2$	$-3,6 \cdot 1,5 = -5,4 \text{ кН/м}$
B	$We = 3 \cdot (-0,8) = -2,4 \text{ кН/м}^2$	$-2,4 \cdot 1,5 = -3,6 \text{ кН/м}$
E	$We = 3 \cdot (-0,5) = -1,5 \text{ кН/м}^2$	$-1,5 \cdot 1,5 = -2,25 \text{ кН/м}$
	Типовой этаж 2-8	
D	$We = 3 \cdot (+0,7) = 2,1 \text{ кН/м}^2$	$2,1 \cdot 3 = 6,1 \text{ кН/м}$
A	$We = 3 \cdot (-1,2) = -3,6 \text{ кН/м}^2$	$-3,6 \cdot 3 = -10,8 \text{ кН/м}$
B	$We = 3 \cdot (-0,8) = -2,4 \text{ кН/м}^2$	$-2,4 \cdot 3 = -7,2 \text{ кН/м}$
E	$We = 3 \cdot (-0,5) = -1,5 \text{ кН/м}^2$	$-1,5 \cdot 3 = -4,5 \text{ кН/м}$
Кровля		
D	$We = 3 \cdot (+0,7) = 2,1 \text{ кН/м}^2$	$2,1 \cdot 1,5 = 3,15 \text{ кН/м}$
A	$We = 3 \cdot (-1,2) = -3,6 \text{ кН/м}^2$	$-3,6 \cdot 1,5 = -5,4 \text{ кН/м}$
B	$We = 3 \cdot (-0,8) = -2,4 \text{ кН/м}^2$	$-2,4 \cdot 1,5 = -3,6 \text{ кН/м}$
E	$We = 3 \cdot (-0,5) = -1,5 \text{ кН/м}^2$	$-1,5 \cdot 1,5 = -2,25 \text{ кН/м}$
F	$3 \cdot (-1,6) = -4,8 \text{ кН/м}^2$	
G	$3 \cdot (-1,1) = -3,3 \text{ кН/м}^2$	
H	$3 \cdot (-0,7) = -2,1 \text{ кН/м}^2$	
I	$3 \cdot (+0,2) = 0,6 \text{ кН/м}^2$	

У үшін жел: \

Жел жағына сыртқы қысым (Е аймағы)

Кесте 2.4 – $b=15 \text{ м}$ болған кездегі жел жүктемесі

	1 этаж	
D	$We = 3 \cdot (+0,8) = 2,4 \text{ кН/м}^2$	$2,4 \cdot 1,5 = 3,6 \text{ кН/м}$
A	$We = 3 \cdot (-1,2) = -3,6 \text{ кН/м}^2$	$-3,6 \cdot 1,5 = -5,4 \text{ кН/м}$
B	$We = 3 \cdot (-0,8) = -2,4 \text{ кН/м}^2$	$-2,4 \cdot 1,5 = -3,6 \text{ кН/м}$
C	$We = 3 \cdot (-0,5) = -1,5 \text{ кН/м}^2$	$-1,5 \cdot 1,5 = -2,25 \text{ кН/м}$
E	$We = 3 \cdot (-0,7) = -2,1 \text{ кН/м}^2$	$-2,1 \cdot 1,5 = 3,15 \text{ кН/м}$
	Типовой этаж 2-8	
D	$We = 3 \cdot (+0,8) = 2,4 \text{ кН/м}^2$	$2,4 \cdot 3 = 8,2 \text{ кН/м}$
A	$We = 3 \cdot (-1,2) = -3,6 \text{ кН/м}^2$	$-3,6 \cdot 3 = -10,8 \text{ кН/м}$
B	$We = 3 \cdot (-0,8) = -2,4 \text{ кН/м}^2$	$-2,4 \cdot 3 = -8,2 \text{ кН/м}$
Кровля		
D	$We = 3 \cdot (+0,8) = 2,4 \text{ кН/м}^2$	$2,4 \cdot 1,5 = 3,6 \text{ кН/м}$


Кесте 2.4 жалғасы

	$We = 3 \cdot (-1,2) = -3,6 \text{ кН/м}^2$	$-3,6 \cdot 1,5 = -5,4 \text{ кН/м}$
B	$We = 3 \cdot (-0,8) = -2,4 \text{ кН/м}^2$	$-2,4 \cdot 1,5 = -3,6 \text{ кН/м}$
C	$We = 3 \cdot (-0,5) = -1,5 \text{ кН/м}^2$	$-1,5 \cdot 1,5 = -2,25 \text{ кН/м}$
E	$We = 3 \cdot (-0,7) = -2,1 \text{ кН/м}^2$	$-2,1 \cdot 1,5 = 3,15 \text{ кН/м}$
F	$3 \cdot (-1,6) = -4,8 \text{ кН/м}^2$	
G	$3 \cdot (-1,1) = -3,3 \text{ кН/м}^2$	
H	$3 \cdot (-0,7) = -2,1 \text{ кН/м}^2$	
I	$3 \cdot (+0,2) = 0,6 \text{ кН/м}^2$	

2.2 Лира бағдармалық кешені көмегімен есептеу


Жоба арнайы бағдарлама көмегімен орындалғаннан кейін, талдау бөлімі құрастырылады. Барлық қажетті мәліметтер төменде берілген сызбалар мен кестелерде көрініс тапқан. Қосымша мәліметтер А қосымшасында егжей-тегжейлі ұсынылған.

Собственный вес



2.1-сурет- Ғимараттың 3Д көрінісі

Топырақ моделінің есептеу нәтижелерінің анализдерін төменде А қосымшасынан көруге болады.



2.2-сурет- Топырақ моделінің сипаттамасы

